

Шегебаева Айгерім Рысбайқызының 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациясына рецензенттің берген

ПІКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

А.Р. Шегебаеваның диссертациясы азаматтардың жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз мәселелеріне арналған. Ізденушімен орындалған зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы күмән туғызбайды, себебі адамның құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын сақтау, қорғау және қажетті деңгейде қамтамасыз ету қылмыстық-құқықтық саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2014 жылғы бірқатар қазақстандық заңнамаларға, оның ішінде қылмыстық заңнамаға ғаламдық реформаның жүруін назарымызға ала отырып, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың шеңберіндегі проблемаларды зерттеудің адам және азаматтың конституциялық құқықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтардан қажетті деңгейде қамтамасыз ету үшін маңызы зор.

Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде адамның жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету кепілдіктері заңмен бекітілген. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері мемлекеттің нормативтік құқықтық жүйесін мақсатты дамыту және жетілдіру, оларды Конституцияның және Қазақстан Республикасымен қабылданған халықаралық міндеттемелердің талаптарымен сәйкестендіру, оның ішінде азаматтардың жеке өмірін қорғау саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсін-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында басым міндеттерінің бірі ретінде ұлттық қауіпсіздікті бекіту, қоғамды жемқорлық пен қылмыскерліктен қорғау көрсетілген.

Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері сақталуы тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар, оның ішінде әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Қылмыстық, қылмыстық процестік, азаматтық процестік және әкімшілік заңнамалардың едәуір жаңаруына байланысты адам және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығына қатысты мәселелерді құқықтық тұрғыдан реттеу одан әрі егжей-тегжейлі зерделеуді талап етеді. Бұл жайында автор өзінің зерттеу жұмысында терең тоқталып, дәлелді негіздеген.

Жоғарыда мазмұндалған мән-жайлар ізденушімен диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау қажеттілігін анықтайды, сонымен қатар қазіргі кезде оның өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы күмән туғызбайды, себебі зерттеу жүргізу барысында алынған нәтижелер құқық қорғау органдарының, соттардың азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жөніндегі тәжірибелік қызметінде, жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын тиімді қамтамасыз етудегі мемлекеттік бағдарламаларды одан әрі жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

2. Диссертацияға қоятын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

А.Р. Шегебаеваның диссертациясы жаңа ғылыми негізделген қорытындылары бар білікті ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады және олардың қолданылуы азаматтардың жеке өмірін қылмыстық-құқықтық тұрғыдан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Автор қорғауға томендегідей бірқатар ғылыми ұсыныстар мен қорытындыларды тұжырымдайды:

1. Автор құқық қолданушыға ыңғайлы болуы үшін қысқа және пақты түрдегі жеке өмірдің ашықтамасын ұсынады.

2. Ізденуші жеке өмірге араласудың заңды шектерін жан-жақты зерделей келе, оның ішінде «жария адамдардың» қызмет саласына қатысты жеке өмірлеріне араласудың бірқатар проблемаларын қарастырған. Жария адам кез келген тұлға сияқты құқықтар мен бостандықтарға ие. Автормен жария тұлғаның бейнесіне құқығына қолсұғушылықтың нақты шектерін анықтау ұсынылады.

3. Автормен жеке өмір құпиясына қолсұғатын қылмыстарға жіктеу жүргізіліні және оларды өзге де ұқсас қылмыстардан ажыратудың негізгі өлшемдері әзірленген.

4. Ізденушімен жеке өмірдің өзге де бөлек аспектілерін жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияда орын алған ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар шынайы негізделген, себебі диссертацияда ізденушімен алынған әрбір қорытынды және ұсынысқа белгілі қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, заңдық әдебиеттерді, құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке

алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтерін, сот тәжірибесі практикасының материалдарын зерделеудің негізінде қол жеткізілген.

Қорғауға шығарылатын барлық тұжырымдар қажетті деңгейде негізделген және логикалық тұрғыда жүйеленген.

Зерттеудің әдістемелік негізін жалпы ғылыми және жеке әдістер, тарихи, социологиялық, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, формальді-заңдық талдау әдістері құрайды.

4. Ізденуінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми тұжырымының) жаңалық деңгейі.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы адамның жеке өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылықты қарастыратын қылмыс құрамына алғаш рет кешенді зерттеу жүргізілген Қазақстан Республикасындағы алғашқы монографиялық деңгейдегі зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, автормен жеке өмір ұғымына авторлық түсіндірме берілген, жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы қылмыс құрамынан басқа ұқсас қылмыстардың аражігін жарытуға талпыныс жасалған, жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету және өзге де жеке өмірдің бөлек аспектілеріне қолсұғатын қылмыстық қолсұғушылықтардан тиімді қорғау жүргізу үшін қолданыстағы заңнамаларға оңтайлы ұсыныстар беріледі.

Диссертантпен алынған нәтижелерді жалпылау, оларды белгілі бір дәрежеде жаңашылдыққа не деп басағалуға мүмкіндік береді.

Бірінші нәтиже жартылай жаңашыл, себебі жеке өмір ұғымы, жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының құқықтық маңызы мен мәні бірқатар адам құқығының тарихы мен теориясы, конституциялық, қылмыстық, қылмыстық-процестік, азаматтық, әкімшілік және халықаралық құқық бойынша зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғылымдардың еңбектерінде қарастырылып, зерттелген. Алайда, көрсетілген нәтижелердің ғылыми жаңалығының элементтері жеке өмір ұғымына қатысты автордың өзінің айқындамасында орын алған.

Екінші нәтиже жаңашыл, себебі автор жеке өмірге араласудың заңды тәсілдерін жан-жақты зерделей келе, оның ішінде «жария адамдардың» қызметінде құқықтық кемшіліктердің бар екендігін және осыған байланысты мемлекеттік қызметкерлерге шектеу қажеттігін негіздей білген.

Үшінші және төртінші нәтижелер жаңашыл, ізденуімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қамтамасыз етуге бағытталған жекелеген бірқатар нормалар қарастырылып және жеке өмірдің бөлек аспектілеріне қолсұғатын қылмыстарға салыстырмалы талдау жүргізудің барысында, сонадай-ақ оларды толық қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажеттігін толықтай негіздей білген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы және ізденуінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы негізгі мақсаты және міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін ішкі бірлігінің бөлуымен

сипатталады. Жұмыс мазмұндық және құрылымдық деңгейі бойынша негізгі талаптарға сәйкес келеді.

Жұмыстың құрылымы адамның жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесін шешу бойынша ғылыми-құқықтық мәселелерді дәйекті зерттеуге бағытталған. Ізденушінің талдаулары тиянақты, бір-біріне жалғастығы бар тұжырымдар жасауға бейім екендігі көрсетілген. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың жүйелілігі, тұжырымдарының бір-бірімен байланыстылығы, ішкі бірлікке негізделген сабақтастық сипаты тұтастай сақталған жұмыс болып табылады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Жоғарыда аталып өткен жетістіктермен қатар, диссертациялық зерттеудің мазмұны мен орындалуына байланысты бірқатар кемшіліктерді атап өтуіміз қажет:

Біріншіден, іздеушімен орындалған зерттеу тақырыпқа сай жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету қылмыстық-құқықтық саясаттың басты бағыттарының бірі болғандықтан, қылмыстық-құқықтық саясат жөнінде жұмыс барысында талдап өткен жөн болар еді.

Екіншіден, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғандығы үшін жауаптылыққа кеңінен тоқталу қажет еді.

Үшіншіден, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық-құқықтық әсер етудің инараларын жетілдіру ретінде шетелдік тәжірбиені тереңірек зерделеп өтсе тінтен жұмыстың құндылығы артар еді.

Алайда, жоғарыда көрсетілген ескертулер ұсынбалы сипатқа ие болғандықтан жұмыстың түпкі мазмұнына әсерін тигізбейді және оның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» ережесінің (философия докторы (PhD) талаптарына сәйкестігі.

Шегебаева Айгерім Рысбайқызының «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы өзінің өзектілігі мен жаңалығына қарай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетіне ұсынылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Рецензент:

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің

Қылмыстық құқық,

қылмыстық іс-жүргізу құқығы

және криминалистика

кафедрасының меңгерушісі

заң ғылымдарының докторы

профессор

Р.Е. Жансараева

